

**Шұбарқұдық балалар музыка мектебінің 2023 жылғы 31 мамырдағы
№4 педагогикалық кеңесі хаттамасының үзіндісі**

Өткізілген күні: 31.05.2023

Өткізілетін орны: акт залы

Қатысқандар: 25

Қатыспағандар: 2 (себепті)

Күн тәртібінде:

1. Оқу жылының қорытындысы бойынша мұғалімдерді марапаттауға ұсыну туралы

Тыңдалды:

Оқу ісінің меңгерушісі: Ихласова Ж

2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша облыстық білім басқармаларының және Оқу-ағарту министрлігінің марапатына мұғалімдерді марапаттауға ұсынуымыз керек. Марапатқа мұғалімдерді көтермелеудің Білім және ғылым министрінің салалаық көтермелеу жүйесінің №324 бұйрығы негізіне сүйене отырып ұсынылады. Өз ұсыныстарыңызды айтсаңыздар.

Шәменов Д-домбыра класының мұғалімі:

Оқу-ағарту министрлігінің алғыс хатына директорымыз Сұңғат Сәлімгерейұлын, облыстық марапатқа жас болса да өз жетістіктерімен көзге түсіп жүрген домбыра класының мұғалімі Тәжібай Ердаулетті ұсынғым келеді. Сұңғат Сәлімгерейұлы өзінің ұйымдастырушылық, басқару қабілеттерімен ұжымның биіктерден көрінуіне себепші болып жүр. Менің осы ұсынысымды ұжым түгел қолдайды деп ойлаймын.

Абдуллина С.Е.-кәсіподақ төрағасы:

Мен Аяпов Жанболаттың ұсынысымен толықтай келісемін. Себебі басшылық түрлі марапаттарға үнемі қарамағындағы мұғалімдерді ұсынады, ал басшылық өздері тыс қалып отырады. Кәсіподақ төрағасы ретінде Сұңғат Сәлімгерейұлының ұжымды басқарудағы еңбектерін ескере отырып, осы марапатқа лайықты деп ойлаймын. Тәжібай Ердаулеттің де биылғы оқу жылында өзінің іскерлігімен ерекше көзге түскендіктен осы марапатқа лайық екендігін айтқым келеді.

Юнысова А - вокал класының класының мұғалімі:

Мен де жоғарыда айтылған кандидатураларды қолдаймын. Мектебімізде үлкен өзгерістер мен жаңалықтар болып жатыр. Мектеп дәлізіне безендірулер жүргізіліп, жаңа рең, жаңы тыныс алды. Басшымыз Сұңғат Сәлімгерейұлы мектеп ұстаздарының кәсіби өсуіне үнемі қолдау көрсетіп отырады. Жас болса да оқушылардың дарынын ашуда үлкен жұмыс атқарып жүрген Тәжібай Ердаулетте осы марапатқа лайық деп ойлаймын.

Оқу ісінің меңгерушісі: Ихласова Ж

-Ендеше осы ұсыныстарды дауысқа салайық.(түгел қолдады.)

-Ұжым мүшелері түгел қолдады.

ШЕШІМІ

1.Күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша ҚР Оқу-ағарту министрінің «Алғыс хатына» мектеп директоры С.С.Жетенов, Облыстық білім басқармасының «Алғыс хатына» домбыра класының мұғалімі Тәжібай Ердаулет ұсынылсын.

Педагогикалық кеңестің төрағасы:

С.С.Жетенов

Хатшы:

Л.А.Әбиева

